

АҚЖҰМЕТ

ЖАСТАРЫ

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.

Мағжан



№ 03 (488)

19 қаңтар, 2023 жыл

6+



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті



ЖАҢА УНИВЕРСИТЕТ ҚҰРЫЛАДЫ

Қызылорда технология және қызмет институтының білім алушылары өз ғимараттарында оқуды жалғастыра береді, – деді Бақберген Сәрсенұлы.

Сонымен қатар, белгілі болғандай, Бақберген Досманбетов пен Қылышбай Бисенов жаңадан құрылатын «Қызылорда Ашық университеті» оқу орнының құрылтайшысы атанды. Қос басшы да ашық университет құру әлемдік тәжірибе екенін алға тартып, жемісті нәтижеге қол жеткізуге қылықты екенін білдірді.

– Устаз, ғалым ретінде біздің мақсатымыз – әрбір білім алушының мүддесіне, сол азаматтардың болашағына қызмет жасау. Өздеріңіз білесіздер, білім – әрбір ұлттың сапасын анықтайтын құрал. Мемлекет басшысы Білім сапасына ерекше назар аударуда. Жеке оқу орындары ірілендіру әлемдік тәжірибеде бар. Жалпы ашық университеттің тарихы 1846 жылдан

Шешім білім беру жүйесіне жасалған жаңарту нәтижесінде қабылданғаны әрі аталған қадам аймақ әлеуетіне септігін тиісетінін атап өтті. Сондай-ақ әлеуметтік желіде тараған апаратқа нүкте қойып, «Болашақ» университеті жабылады» деген апаратқа пікір білдірді.

– Өткен жылдың соңында университетіміздің лицензиясы тоқтады. Біріншіден, жұмыстағы кемшіліктерге байланысты екінішіден, жеке оқу орындарын біріктіру мақсатында жүзеге асырылды. Қазіргі таңда барлық өңірде осы мәндес жұмыс жүргізілуде. Бұл жағдайдан студент те, оқытушы да зардап шекпейді. «Болашақтың» студенттері өз корпусында, ал

Сондықтан кеше аймақтағы бірнеше ЖОО-ның басшылары жиылып, университет үшін жағымды жаңалықты бөлісті. Соңғы өзгеріске сәйкес, «Болашақ» университеті мен Қызылорда технология және қызмет институты бірігіп, «Қызылорда Ашық университеті» атты оқу орны құрылmaq. Аталған ақпаратты «Болашақ» университетінің құрылтайшысы Бақберген Досманбетов пен Қылышбай Бисенов жеткізді.

Бақберген Досманбетов мұндай

Соңғы аптада аймақтағы белді білім беру ұйымы – «Болашақ» университеті туралы алып-қашпа әңгіме мен жорамал көбейді. Алғашында ЖОО-ның білім беру лицензиясынан айырылғаны айтылса, кейін оқу орнының жабылатыны туралы қауесет тарайды. Ата-аналар мен студенттер оқу жайына алаң білдіріп, көбі өзге білім беру ұйымына ауысуға асықпай бар. Әрине, мұндай дәлдігі орынсыз емес. Университет келенсіздікке тап болғаны ұстаздар қауымының бейне үндеуінен-ақ білінген. Алайда мәселенің ақ-қарасын анықтау, «Болашақтың» келешегі туралы нақты ақпарат беру көнеленген еді.

Қызылорда технология және қызмет институтының білім алушылары өз ғимараттарында оқуды жалғастыра береді, – деді Бақберген Сәрсенұлы.

Сонымен қатар, белгілі болғандай, Бақберген Досманбетов пен Қылышбай Бисенов жаңадан құрылатын «Қызылорда Ашық университеті» оқу орнының құрылтайшысы атанды. Қос басшы да ашық университет құру әлемдік тәжірибе екенін алға тартып, жемісті нәтижеге қол жеткізуге қылықты екенін білдірді.

– Устаз, ғалым ретінде біздің мақсатымыз – әрбір білім алушының мүддесіне, сол азаматтардың болашағына қызмет жасау. Өздеріңіз білесіздер, білім – әрбір ұлттың сапасын анықтайтын құрал. Мемлекет басшысы Білім сапасына ерекше назар аударуда. Жеке оқу орындары ірілендіру әлемдік тәжірибеде бар. Жалпы ашық университеттің тарихы 1846 жылдан

Ұлыбритания елінде басталған. Сол тәжірибені өз өңірімізде де қолданудамыз, – деді Қылышбай Бисенов.

Иә, 1 аптаға созылған «Болашақ» университетінің дауы осылай шешім тапты. Осы аралықта жүздеген студент ұжат арқалап, қайда барарын білмей сандалғаны жасырын емес. Көбіне нұсқалған шешім – Қорық ата атындағы Қызылорда университетіне ауысу. Себебі, білім алушыларға жағдай жасау үшін аталған университетке ауысқан студенттерді оқу ақысы І-ІІ семестрде өзгеріссіз қалады. Сондықтан көптеген студент бұл мүмкіндікті қапы жібермей, таңдауын жасап та үлгерген.

Әрине, білім алушыға орын табу, білім беру бағдарламасын іске асыру процесі қымбат құнығады. Қызылорда университетіне де оңайға соқпаған тәрізді. Мұны университет басшысы Бейбітқұл Керімова былайша жеткізді:

– Қазіргі таңда біздің университетке ауысуға өтініш көп түсуде. Осыған орай оқу орнында ауысу процесі жүргізіліп жатыр. Бүгінде 5 білім беру бағдарламасы бойынша 120 магистрант өтініш келіп тұсты. Одан бөлек, 32 білім беру бағдарламасы негізінде 1200 студент ауысуға өтініш берді. Өтініш берушілердің арасында барлық курс студенттері бар. Басым көпшілігі 4 курс студенттері. Бұл өтініштер білім ордасының нақты шешімі шыққанға дейін келіп тұскен. Біз студенттерді қабылдауға әзірміз. I және II семестр бойынша оқу ақысы «Болашақ» университетінің бағамын қалады. Ал келесі оқу жылынан бастап студенттер университет бейтанып оқу ақысы бойынша төлем жасайды. Студенттердің оқу орнын ауыстыру процесі қымбат қанжұл кезінде жүзеге асады, – деді Бейбітқұл Керімова.

Айдын ЖАҚСЫЛЫҚ

– Махаббат, әзілге деген қызығушылығыңың қалай басталды? Балалық шаққа оралсақ...

– Өзім Ақтөбенің тумасымын. Кішкентай кезіме келер болсақ, мектептен тыс кезде бос уақыты болмаған баламын. Музыкалық мектепте скрипка аспабы бойынша 7 жыл оқудым. Жалпы 1 сыныптан 11 сыныпқа дейін менде үздіксіз үйірмелер, қосымша айналысатын хоббиар болды. Скрипка, сурет өнері сынды қосымшаларға неге көп қатысқанымды білмеймін. Бірақ соның арқасында өзіме не ұнайтынын түсіндім.

9 сынып оқып жүргенде маған сыныптастарым «Сен күллісіңіз, күшті әзілдейсіңіз» деп айта бастады. «Мүмин, комеди клубқа барарсың» деп әзілдейтін. Олардың сөзін шынайы қабылдамаптын. Осылай уақыт өте берді. 9 сынып оқып жүргенімде аням: «Дизайнерлікте тапсырып көрсенің? ЖОО-да жұріп қосымша «КВН» ойнауға да мүмкіндік болады» деді. Ол кезде әлі де суретпен айналысатыным. Осылайша архитектор мамандығына тапсырдым. Маған әзілдеу де, әзіл өнері де қатты ұнайтын. Сондықтан университетте қосымша «КВН» ойындарына қатысып жүріп, командадан бөлек жеке өнер көрсеткім келетінін түсіндім. Осылайша стөндапқа келдім.

Үйде әкем мен әжеме үнемі әзілдегісіп, қалжыңдасып отырады. Әкем – көпті аузына қаратып сөйлейтін, үнемі көпшілікті күлдіріп отыратын адам. Қонаққа барсақ та, бірденені енгізіп, әзілдегенді жақсы көреді. Әзілге деген қызығушылығым әкем мен әжемен келген шығар. Менің ойымша, әр адам әзілдей алуы керек.

– Әзіл өнеріңнің ісі емес... Алайда стөндап комик өнерлер қатары көбеюде. Сонда әзіл өнеріңді қыздарды қоғам мойындамай ма?

– Мен осы жаттанды, таптаурын түсінікке қарсымын. Дұрысы әр стөндап комиктің өз көрермені бар. «Өнерлер әзілдей алмайды, әзіл жаза алмайды» деген жаттанды ойды қоғамға кім таңып қойғанын білмеймін. Алайда команданың әзіл жазатын мен едім. Байқап қарасаньз, көп командада бірнеше ұл мен бір қыз болады. Онда да не ерекше сұлу, не артық салмақтағы, денесі ірілеу, не өзін ұлдар сияқты ұстайтын қызды таңдап алатын.

Жұрыда аңыз адамның мемлекетке және халқына үлгі ету үшін «Мансап» мектебінің ұйымдастыруымен «Тұлғасы тунған тәлім, өсіп өлме!» – Қонаев» атты мектеп аралық көрме өтті. Облыстық «Жастар ресурстық орталығында» жүргізілген көрмеге Байқоңыр, Арап, Жаңақорған ауданы мен қала мектептерінің оқушылары, сондай-ақ өнер орталықтарының шәкірттері әзірлеген суреттер қойылды. Оның қатарында Анжеликаның Дінмұхамед Қонаев бейнесін анім стилінде салған суреттері де бар. Тоғызыншы сыныпта оқитын үздік оқушының жұмысы аз ғана уақытта дайын болған екен.

– Анжелика – өте талантты қыз. Ол сегізінші сыныптан бастап мектептің «Мансап арт-студиясы» бағдарламасы бойынша білім алууда. Біз оның қабілетін дамытуға тырысамыз. Бірде Анжеликаға Дінмұхамед Қонаевтың суретін анім стилінде бейнелеуін өтілдім. Ол планшөт арқылы бір күнде барлық үздік жасап шықты, – деді ұстазы Ғұлзат Жүркімбаева.

Ал «Мансап» мектебінің 4 сынып оқушысы Латиф Ержігіт мәнерлеп оқудан мектепшілік, қалалық байқауларда топ жарып жүр. Кермеде аңыздар өлеңін жатқа оқыған оның бұл қабілеті көпшілікті сүйсінітті.

– Әдебиет – жақсы көретін пәндерімнің бірі. Әр балаңыз бойында Отанды сүюге деген махаббаты артырады. Ата-бабамыздың

жұрыдан хабар беретін бұл панннің тарихпен байланысты болғаны ұнайды. Әкем де «адам қаншалықты көп жыр жаттаса, соншалықты есте сақтау қабілеті артады» деп айтып отырады. Осы сөз аркөз санамда болған соң, өлең, поэма жаттағанды ұнатамын. Екінің сыныптан бастап турлі байқауларға қатысып, Ілімімді шыңдап келемін.

Қасиетті Түркістан қаласында өткен «Ұлы дала ұрпағы» атты республикалық байқау маған ерекше әсер қалдырды. Ал Алматы қаласында ұйымдастырылған «Тәуелсіздік – туғырым» атты халықаралық байқауға ерекше дайындықпен қатысып, I орын иелендім. Жалпы көркем сөз оқуда бағыт-бағдар беріп жүрген әжеме Айқұміс Қайрулқалықына, сынып жетекшім Бақыт Омарова, жетекшім Балалуа Қанжарқызына алғысым шексіз, – дейді ол.

Айта кетейік, концерттік бағдарламаға жалғасқан көрме барысында оқушыларға қоғам қайраткерінің кітаптары, арнайы Алматы хат пен төселелі, естелік сыйлықтар табыс етілді.



ТҰНҒАНЫҢ ӨНЕРШЕЛІ ТАМАНДАРЫ

Гүлнара ЖҰМАДИН

Басқа рөлдерге қыздарды алмайды. Себебі қыздарға сенбейтін. Неге екенін білмеймін. Тек қана қыздардан құралған команда болса, оның әзілдерін өткізбейтін.

Меніңше, әзілдеу адам табиғатына байланысты. Әзілді түсінбейтін қыздар да, жігіттер де бар. Сондықтан жалпылама баға берудің қажеті жоқ. Бірақ қазір қазақстандық стөндапта

қыздардың саны да, сапасы да көбеюде. Көрермен де артып келеді. Меніңше, менің көрерменім тек қыздар дей алмаймын. Арасында жігіттер де бар. Ресейлік стөндап индустриясына қарасаньз, көрерменді ұстап тұрған қыздардың әзілі десек болады.

– Қалай ойлайсыз, әзіл өнері өміріңіздің соңына дейін сүйікті ісіңіз болып қала ма?

«Әзілің жарасса, атаңмен ойна» деген қазақтың қағытпа қалжыңға құрметі ерекше. Әзіл арқылы қоғамның «жарасын» жалпыға көрсетіп, емдеп алуға да, ақтарылып, айқайлап күлуге де, сырың мен шыныңды бөлісуге мүмкіндік бар. Махаббат Сәрсембаева – алматылық «Желтоқсан» стөндап клубының стөндап комигі. Әзілді терапия деп қазақстандық стөндап индустриясының бүгін, қыздардың «қалжыңы» мен жеке шығармашылығы жөнінде тілдескен едік.

– Әрине, әзіл мен үшін бірінші орында. Өмірімнің соңына дейін сүйікті ісім болу қалады. Отан ешқандай күемім жоқ. Өйткені әзілісіз өткен күнім жоқ. Адамдар әзілдеме алуы қажет. Қалжыңды қабылдай білуі керек. Әзіл өмір сүруі керек. Себебі сөз арқылы өмірдегі өң күйін сөттерді де әзілдеуге мүмкіндік бар. Мен стөндапта әзілдік бәрін өз өмірімнен аламын. Басымнан өткен қандайда бір жағдай, шарасыз сөттер, іштегі уайымымды әзілге айналдырып, сахнада көрерменмен бөліскеннен кейін рахаттанғып қаламын. Сол болған оқиғаға жеңіл қарай бастаймын. Яғни, әзіл – менің жанымның терапиясы.

– Стөндап форматы жағынан қвн ойындары мен «Жайдарманды» алмастыра бастағандай...

– Жайдарманды білмеймін, бірақ «КВН» ойындарына ешкім бармайтын сияқты. Ол жерде алдың ала дайындалады, командамен шығады, сценарий бар. Яғни сахнада ойын ойнайды, кішіне шынайылық жетіспейтін секілді. Ал стөндапта дәл сол сөттегі ішкі күйді, адамның негізгі сезінуге болады. Шынайылық бар. Неге стөндапта келетіндер көбеюде? Себебі комиктердің өңімісі, әзілдерінен өз өмірін, өзін көреді. Алматының өзінде бір жыл бойын стөндаптың даму жағдайы басқаша еді. Қазір ай сайын жанаруда. Менің ойымша әзіл өнмемді. Қазақстандық стөндап енді ғана өз өмірін бастады. Болашағы да, өзгерістер де әлі алау. Тіпті, жақын арада шетелдерге шығып, сұранысқа ие болады деп ойлаймын. ТМД елдерінде танымал болуға мүмкіндігі бар.

– Сұқбат үшін рақмет, Махаббат!

«Әзілің жарасса, атаңмен ойна» деген қазақтың қағытпа қалжыңға құрметі ерекше. Әзіл арқылы қоғамның «жарасын» жалпыға көрсетіп, емдеп алуға да, ақтарылып, айқайлап күлуге де, сырың мен шыныңды бөлісуге мүмкіндік бар. Махаббат Сәрсембаева – алматылық «Желтоқсан» стөндап клубының стөндап комигі. Әзілді терапия деп қазақстандық стөндап индустриясының бүгін, қыздардың «қалжыңы» мен жеке шығармашылығы жөнінде тілдескен едік.

ӘРКІМ ӘЗІЛДІНІ ӨЗІН КӨРЕДІ

Дина БӨКЕБАЙ

Соңғы онжылдықта ғаламдық жылыну, климаттың өзгеруі, зиянды қоспалар қалдығы секілді мәселелер экология тақырыбының мөнін аша түскенін білеміз. Өсіресе, Қазақстан үшін өзекті ақтуалға айналған Арал теңізінің тартылуы мен Семей полигоны Орталық Азиядағы экологиялық жағдайдың қозғаушы күшіне баланып, зерттеу жұмысы жүрде. Осы орайда қызықты құбылыс байқалады. Осыншалықты маңызды нысан мен мәселенің бел ортасындағы біздің елде экологтарға сұраныс артқанымен, аталған мамандықты игеруге құлықты маман аз.

Алдымен экологтың негізгі міндетінен бастайық. Себебі, мектеп бітірген жас тұлғалар мамандықтың мән-маңызын жете ұқпаған соң көңіл бөле бермейтін секілді. Әйтпесе, бұл саланың салмағы «аула тазалау», «қоршаған ортаны қорғауға үндеу чөлпендікшінен» анағұрлым маңызды екені сөзсіз. Жалпы, сала мамандары қоршаған орта сапасын жақсарту экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды сақтау және қоғамның тұрақты экологиялық дамуының қолайлы деңгейіне жеткізуді назарда ұстайды. Тіпті, мамандар су көздеріне, атмосфералық ауаға, өнеркәсіптік қалдықтарға, топтырақты құрамына, радиациялық қауіпсіздікке, ең қарапайымы – автокөліктен шығатын газдардың мөлшеріне дейін бақылауға алады. Мұның бәрі кәсіби мамандардың біз біле бермейтін ерекшелігі. Бір сөзбен айтқанда, ғылыми зерттеу, зертханалық жұмыс арқылы халықтың қолайына жақпайтын жайттарды анықтап, адам денсаулығына нұқсан келтіретін кедергілерді



ЭКОЛОГИЯ – ЕСКІРГЕН МАМАНДЫҚ ЕМЕС

жоюға септеседі. Қазақ қасіретіне айналған Семей полигонының жабылуы, Арал теңізіне лайықты назар аударылуы, сирек кездесетін жануарлардың қорғауға алынуына да экологтардың көмегі зор.

Ал облыстағы экология мәселесіне жастардың ой-пікірі қандай? Қызылордалық тұлғалар туған жерде қызмет етуге құлықты ма? Мұны әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің экология мамандығының студенті Қасым Жалғасбектен сұрап білдік:

— Жас маман ретінде аймақтағы экология ахуалы алаңдатады. Байқоңыр ғарыш айлағында зымырандардың ұшуы азайғанын, өнеркәсіп орындарынан шығатын ластаушы заттар мөлшерінің төмендегенін және қазіргі жас жеткіншектерде

экомәдениеттің қалыптасқанын ескерсек, жағдай қалыпты көрінуі ықтимал. Алайда Арал теңізінің тартылуы, Қызылорда қаласы және облыс бойынша тұрмыстық қалдықтармен жұмыс жүргізу және қалдықтарды

басқарудың ретсіз жүйесі саладағы салғырттықты көрсетіп келеді. Мысалы, облыста күрші өндейтін 50-ден астам ірі және шағын зауыттар жұмыс істейді, сәйкесінше жыл сайын күрші қабығының біраз көлемі жиналады. Күрші қауызы шірімейді және мал азық болғандықтан қоршаған ортаға зияны мол. Міне, осы жайттар алған білімді Сыр өңірінде пайдаға жаратуға итермелейтін сөзсіз, — дейді жас маман.

Расында, «Талсыз аймақ», «қураған мекен» деген түсініктен енді ғана арыла бастаған облысқа эколог мамандар керек-ақ. Олай дейтініміз, Байқоңырдағы зымаран ұшыру қауіпі, химиялық сауыттардың қалдығын

қадағалау мәселесі ершіп тұрған шақта кәсіби баға берер білікті маманның болуы аздай қажет. Ескірген маман өз ірілеу жүйесі қоршаған орта үшін қоғамның жауапкершілік арқаламауы осы олқылықтардың белгісі болуына басты себеп болуы. Осы орайда қоғамдағы экомәдениеттің қалыптасу деңгейі туралы маман пікіріне назар аударайық:

— Мамандық бойынша алған білімді маман ретінде жұмыс барысында пайдалана білу – үлкен жауапкершілік. Қай салада болсын, жауапкершілікті сезіну, ізденіс, білім талап етіледі. Өңірімізде жас эколог мамандардың қатысуымен экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында түрлі акциялар ұйымдастырылып келеді. Атап айтсақ, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің бастамасымен ұйымдастырылған

«Бірге Таза Қазақстан» акциясының нәтижесінде өңіріміздің экологиялық жағдайы жақсарып, жастардың қоршаған ортаға деген жаңашырлығы арта түсті. Бұл жұмысқа еріктілер де атсалысты. Мұның өзі өңірдегі экологиялық мәдениеттің қалыптасқанын көрсетеді, — дейді Экология департаменті экологиялық реттеу бөлімінің бас маманы Оразғали Нұрғалиұлы.

Иә, экомәдениет – өркениет көрсеткіші. Алайда жалаң мәдениет жағдайды түзмейтін анық. Жүйелі өзгеріс пен маман дайындау стратегиясы саралана ғана мәселенің салдары мен себебі жойылар еді. Дегенмен, бітіруші тұлғалардың көбі эколог маман болуға қызығар емес. Көбінің уәжі – төмен жалақы мен мамандық беделі. Оқуды бітіре сала қаржылық қиындық пен бір қызметте тұралау қорқынышы бар.

Бір қарағанда, жасөспірімдердің ойлауы да орынды секілді. Себебі, облыста экологқа жұмыс орны тапшы екенін айтпағанда, жеке компаниялардың өзі мамандарға жалақыны жарыптай отыр. Мұндай жағдайда мамандық мөртебесі мен мамандардың әлеуметтік жағдайы туралы сөз қозғау қиынның қиыны.

— Экология мамандығы бойынша оқуға түскім-ақ келеді. Алайда айлық табыс деңгейіне байланысты ойымнан бас тарттым. Ата-анам да экономист немесе заңгер болғанымызды қалайды, — дейді сұрбыойлық оқушы Самат Өктембаев.

Әрине, қай мамандықтың болмасын қадірі артса, сұраныс көтерілері белгілі. Бүгінде жастардың экология саласына бет бурмауы да жүйелі назар аудармаудың салдары. Мамандық статусын көтеріп, жұмыс орнын қалыптастырып, жалақы жайын ретке келтірсек, елге қамқор жастың ойланбай аталған мамандықтың тізігін ұстары анық.

Б.ШАҒЫРОВ

Жуырда ғана америкалық ғалымдар әлемдегі мұздықтардың жоғары жылдамдықпен өріп жатқанын жариялады. Осыған дейін де талай ғалым дабыл қаққан мәселе жыл сайын ұлғайып келе жатқаны жасырын емес. Science журналына шыққан зерттеулерден табиғаттағы бұл өзгеріс осы қарқынмен жалғаса берсе, ғасыр соңына жетпей мұздықтардың үштен екі бөлігі жойылып кетуі мүмкін екенін аңғарға болады. Бұл деректі болжам десек те, мұздықтардың өріуі адамзатты бейжай қалдыратын тақырып емес.

Америкалық ғалымдар Гренландия мен Антарктиканы қоспағанда 215 мың мұздықты жан-жақты зерттеген. Негізінде мұздықтардың басым бөлігі Антарктида мен Арктикада орналасқаны белгілі. Егер мұндағы ақ құрсау жылу әсерінен бусанатын болса, теңіз деңгейі 60-70 метрге дейін көтерілуі мүмкін.

Бұл жағдай ғаламшардың біраз бөлігіне су басып қалу қаупін тудыратыны рас. Соңғы уақытта ғаламдық жылыну әсерінен Арктика мен Антарктикадағы су жылынып, мұздардың мөңмүндағалған күші көмескеліне бастаған. Тіпті жылтыңған судың өсері мұздықтардың әлдеқайда тез өрілуіне үдетіп түскен. Бұл жерде Батыс Антарктида мұздықтарының басым бөлігі теңіз қайранында орнықпанып өскерсек, аймақтағы жағдайдың маз еместігін түсінуге болады. Өрі мұнда аумағы Қостанай

National Geographic зерттеушілері 2050 жылға қарай Арктикада 520 мың шаршы шақырым мұз ғана қалуы мүмкін екенін айтады. Ал әлемдегі ең үлкен арал саналатын Гренландияда 2002 жылдан бері әр маусым сайын орташа есеппен 287 млрд шаршы тонна мұз өриді екен. Толықтай дерлік мұз астында орналасқан арал (85 пайыз) Америка мен Еуропа аралығында орналасқан. Бір қызығы, мұз құрсауындағы арал жағалауы жаз айларында көгалданып тұрады, тіпті кейбір өсімдіктер -20°С температурада да гүлдене беруімен ерекшеленеді.

Зерттеушілер негізінен орташа аумақтағы мұздықтардың жылдан өріуі салдарынан 2100 жылға дейін әлемдік мұздықтардың 83%-і жойылады деген болжамды алға тартады. Осы орайда Карнеги-Меллон университетінің ғалымы Дэвид Раунстың басылмы беттеріндегі мына пайымы елең еткізді:

«Зерттеулерде әрбір мұздықтың жаһандық деңгейдегі көлемінің өзгеруін көрсететін жаңа деректер жинағын қолдандық. Нәтижесінде шағын бірақ танымал мұздықтар жақын арада жоғалады деген болжамға келдік. Соңғы болжамдар бойынша 50-80% мұздық өріп

АҚ ҚҰРСАУДЫҢ АХУАЛЫ

кетуі мүмкін. Ал мұның салдары адамзатқа үлкен қауіп төндіреді» дейді маман. Қазіргі кезде мұздықтардың қарқынды өрінуі климаттық өзгерістер ықпал етуде. Бірақ әлемдік мұхиттағы мұздықтар да бұрын дәл осындай қалыппен бірте-бірте опырылған. Нәтижесінде әлемдік мұхит деңгейі 500 жылда 18 метрге дейін көтерілген. Демек болашақта осы сценарий қайталануы мүмкін. Алайда ғалымдар бұрынғы кезде мұхиттағы мұздықтардың негілтен тез өрігенін әлі күнге нақты түсіндіре алмай келеді.

Осы бағытта ізденген Ұлыбританияның Дарем университетінің ғалымдары зерттеу нәтижесін Nature Communications ғылыми журналында жариялаған. Олар геологиялық деректерді талдау барысында әлемдік мұхиттағы мұздықтардың соңғы кенеттен өріуі 14600 мың жыл бұрын болған деген шешімге келген. Аталған жағдайға ғаламшардың солтүстік жарты шарында орналасқан мұздықтардың кенеттен өріуі себеп болды деп түсіндіреді. Бірақ ол кезеңде Антарктида мұздықтары мұз көбесінің сөгілуіне жанартаулардың атықпауы әсер етуі мүмкін екенін айтады.

Мұздықтардың тез өріуі теңіз деңгейін көтеріуімен ғана қауіпті емес. Табиғаттың тосын тартуы мұз аумақты мекендеген тіршілік иелерінің азаюына әкелген. Себебі Арктиканың ақ аюы мен

Адели пингвиндері мұздықтардың өріуі салдарынан азық таппай сенделуде.

Мұздықтар жайлы айтқанда, ғаламдық мәселе бізден әлдеқайда алыста болып жатқандай сезілетін рас. Бірақ еліміз үшін бұл тақырып танысқа жағдай емес. Себебі Қазақстанда 2724 мұздық орналасқан, соның ішінде ең танымалы Туяйқсу мұздығы да жыл сайын өріу салдарынан жұқарып барады. Мұның әсерінен мұздықтардан өзгендерге ағатын су көлемі жыл өткен сайын азая түседі. Қазіргі кезде Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің елу пайызы мұздықтардан келетін суға мұқтаж екенін ескерсек, ғаламдық жылыну салдары болашақта бұл салаға да зиян келтіруі мүмкін.

Жаһандық жылындың әсері Каспий теңізіне де өзгеріс әкелген. Мұндағы беткі ауа температурасы бір градусқа жылынған. Geophysical Research Letters журналына жарияланған зерттеу нәтижесі кейінгі 20 жылда теңіздің булана бастағанын, соның әсерінен су деңгейі 1996 жылдан бастап жылына 7 сантиметрге азайып, 1,5 метрге төмен түскенін көрсетеді. Егер бұл үдеріс жалғаса берсе, теңіздің тартыла беруі ықтимал.

Соңғы уақытта әлем жұртшылығы бұл мәселеге байыппен қарап, шешу жолын қарастыруда. Бірі жаһандық жылындың алдын алу үшін адамзат қолымен жасалған экологиялық апаттарды тоқтату керек десе, енді бірі жасанды мұздықтар ойлап табудың жолдарын іздеп өлек. Бір білеріміз, мұздықтардың мұндай өзгерісіне адам баласының да әсер ететіні анық. Бәлкім, қоршаған ортаны қорғау жайлы қоғамда жалпы түсінік қалыптасса болашақтағы қауіптің қарқынды сөйлетіні болар?!
Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ



Бала тәрбиесі жайлы жазылған кітаптарды парақтағанда көш басында Алаш арысы Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасы» тұрады. Осыдан жүз жыл бұрын жарық көрген еңбектің ұрпақ тәрбиесімен айналысатын ата-ана, мұғалімдерге шамшырақ іспетті болғаны рас. Бір қызығы, ғасыр бұрын жазылған кітаптан қазіргі жаңа ғылымды көруге болады.

«Педагогика» алғаш рет 1922 жылы Орынбор қаласында басылған. Арادا бір жыл өткен соң Ташкентте қайта басылған кітап Мағжан Жұмабаев ақталған соң да жарық көрген. Бірақ еңбектің толық нұсқасы бұлттыр ғана тұрды, оқырманға қайта жол тартты. «Maғji Press» баспасы шығарған «Педагогиканы» басты ерекшелігі, ақынның өзі басыла дайындаған 1922, 1923 жылғы нұсқаларды салыстыра отырып шығарылған. Бұл орайда баспа қызметкерлерімен қатар Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қызметкерлері де үлкен үлес қосқан.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының жиырма жасында «хас ақын» деген ат алған Мағжанның «ұрпақ тәрбиесі жайлы, соның ішінде «Педагогиканы» жазуына не әсер етті?» деген сауалдың көпшілік көкейінде туындайтыны рас. Бұл жайында ақынның ойына тоқталмас бұрын қазақ даласында алғаш жарық көрген оқулықтар жайлы айтамыз дұрыс секілді.

1912 жылы А.Байтұрсынұлының «Әліппесі» басылып

шыққанға дейін қазақ даласында ұлттық емлемен жарық көрген бірде-бір оқулық болмаған. Осы қозғалыстан соң 1913 жылы Міржақып Дулатұлының «Есен құралы», одан кейін Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы» оқулығы басылған. Бұл оқулықтар қазақ даласында білім жолындағы ізденістердің басталуына әсер етіп, зиялы қауым ұлттық оқу құралдарымен оқу керектігін, ұлтқа жақсы мұғалім, оқу бағдарламасы

әрі қазақ мектептеріне ұлттық сипат беру қажеттігін түсіне бастаған.

Ал Мағжанның «Педагогиканы» жазуына мұғалімдер курсына оқуы себеп болған. Ақынның өзі бұл туралы: «Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттық

ҒАСЫР ОҚЫЛҒАН КІТАП

мұғалімдер курсына оқылған дәрістерден тізілген еді. Бұл күнге шейін басылып шығып, жарық көре алмады. Бұл айып менікі емес, бүгінге замандық.

Кітапты бір орыс кітабынан тура тәржіма деуге болмайды. Алдыма бір кітапты жайып қойып, бұрылмастан желе бергенім жоқ. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым (Көп пайдаланылған Рубинштейн, Скворцов, Смирновтың педагогика туралы еңбектері)», – деп жазды кітаптың алысөзінде.

Кітаптың басты құндылығы сол, мұндағы педагогика, медицина ғылымдарының басты ережелері жан-жақты талқыланып, қазақ тұрмысына лайықталып жазылған. Содан болар, 100 жылдан соң да кітаптың жаңа оқырмандары көбейе түскен. Ақын еңбегін таразылап отырып, қазіргі педагог, нутрициолог мамандардың айтып жүрген зерттеулерін қапысыз тануға болады.

«Сонда ғаламторы жоқ заманда автор бұл мәліметтерді қалай білген?» деп таңқалмасқа шараң қалмайды. Тіпті, кей тұстарында Мағжанды педагог қана емес, дәрігер-педиатр деп қабылдағанды қалайды. Сөзімізге кітаптың мына үзінділері дәлел:

«Қандай үйдің болса да жарық болуы керек болатын болса, бала бөлмесінің жарық болуы тым керек. Қараңғы үйде тәрбиеленген баланың өсуі шабан болады, тамағы қанша жақсы болса да, зағып, нашар болып өседі. Сондықтан бала жататын бөлменің жарығы мол болу керек.

Балаға шай ішкізу тіпті дұрыс емес. Кемпіт бірдендік, өрік, мейіз сықылды тәтті беруге де жарамайды. Бір жақса толмаған жас бала түгіл, 2-3 жасар балаға да қымыз ішкізу мақұл емес. Тамақ бергеннен кейін баланың аузын тазартып отыру керек. Таза шүберекті қайнаған суға малып, шыныаяққа орап тазарт». Осы сынды баланың жан және дене тәрбиесіне қатысты ой түйерлік дүниелер кітаптан кеңінен берілген.

«Педагогика» – жоғары оқу орындарындағы болашақ ұстаздар оқуы тиіс әдебиеттер қатарындағы басылым. Алайда бұл еңбекті әрбір ата-ана оқыса құба-құл. Себебі бала тәрбиесі – жан-жақты зерттеуді қажет ететін үлкен бір ғылым.

Сонғы уақытта әлеуметтік желіде «Педагогика» жайлы жазылған оқырмандар пікірін жиі байқауға болады. Еңбекте айтылған ақпараттарды тәжірибеге ілестірсек, кітаптың құндылығы арта түсетіні анық. Осы орайда кітапты қайта басыла дайындаушының бірі Марғұба Шапаянның өз тәжірибесі жайлы мына пікірін көзіміз шалды:

«Осыған дейін бала тәрбиесіне қатысты қанша кітап оқыдым, бірақ Мағжанның «Педагогикасында» қарапайым тілмен айтылған кей дүниелер оқ кітаптарда жоқ. Өзіме көп инсайт алдым. Ішінде ескілеу де дүниелер бар. Бірақ көбісі дәл бізге керек екен. Өзім осы кітаптан үйренген бір нәрсені айтайын. Әдетте ұлым Кенесары жүгіріп жүріп құлап қалса немесе басын бір жерге соғып алса, сол жерді қолмен ұрып «мәк-мәк» дейміз, бала жылағанын қоя қояды. Өрі өзіне соққы әкелген жерді жазалағанына мәз болар. Ал Мағжан «Балаға өш алуды үйреткендер. Тіпті жансыз затты да ұрмандар. Мейрәмді бала тәрбиелендер»



дейді. Артынан сарап-қарасам, шынымен біз кіп-кішкентай балаға өшеп-енділікті үйретіп жатыр

екенбіз. Өйткені Кенесары әпкесі Аяла жылатып қойса да, «мәк-мәк» деп тұра ұмтылады. Енді сол әдетімізді қойып келеміз», – дейді ол.

Бір ғасырлық тарихы бар кітап жайлы көп нәрсе айтуға болады. Бірақ еңбекті егжей-тегжей зерделеп, қадеге жарату қашанда тек оқырман еншісінде.

Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ



«Кітап – мәдениеттің мәйегі» деген жазушы Шерхан Мұртаза. Жаһандануға ұмтылған кезеңде ұлттық дңігемізді алыстан іздемей, жүргені, жаны қазақ әдебиет кейіпкерлері мен отандық шығармалар арқылы өзімізді тануға талаптану шартты дүние. «Бес жылдан кейін адамның қандай болатыны қазір оқып жүрген кітабына байланысты» деген тәмсілдің мәні тереңде. Демек бүгінгі буынның болашағы, елдің өртені қолындағы кітабына тікелей байланысты. Қаладағы кітапқұмарларды бір ортаға жинаған «Кітап құрттары» қозғалысының құрылғанына биыл 4 жыл толмақ. Жақсы істің жаршысы болып, басшысы да, қосшысы да бір өзі бола білген Талғат Меңдібаймен қозғалыстың бүгінгі мен кітап оқу мәдениеті туралы әңгімелескен едік.

«КІТАП ҚҰРТТАРЫ»: БҮГІНГІ МЕН БОЛАШАҒЫ



Мүмкіндік болса, екі тілді орта болсын» деген ұсыныс айтып. Осыдан соң «WhatsApp» желісі арқылы топ құрып, кітап оқиды-ау деген таныстарымды қостым. Топ атауы «Книгоманы» аталды және топта өзін артық санайтын адамдағы шыға беруге болатынын ескерттім.

3 жыл бұрын ақпан айында облыстық жастар ресурстық орталығында белсенді жас Жасулан Алдабергеновтың көмегімен жиналды. Топ құрамындағы мүшелердің жас ерекшеліктері 15-34 жас аралығында болды. Бастапқыда екі жүз адам қосылса, соның ішінде кітап оқуға қызыққан екекен адам ғана қалды. Бірақ «Книгоманы» деген атау ұнамады да, клубтың атын «Кітап құрттары» деп ауыстырдым. Бұл атауға көпшіліктің тиісетінін білдім. Алайда түсіне

соңғы жылдары қазақшаға аударылған, қазақ тілінде басылған, туындылардың дені осындай. Алайда қанша уақыт өтсе де, Бердібектің Қожасына қайта оралуға құмармыз. Құпиясы шынайылықта ма, тіліне ме, белгісіз. Ал қазіргі балалардың «Қожасы» кім? Қожаның орнын қандай кейіпкер басты?

– Қожа – қазақ әдебиетіндегі архетип. Мәселен, шетелдік Марк Твеннің «Том Сойлері» бүтін бір буынның ортақ сүйікті кейіпкері болса, қазақ тілінде оқырман, бүгінгі ата-аналардың сүйіктісі – Қожа. Ұғым ер елдің әдебиетіндегі тұңғұша кейіпкерлер бар. Өзінен кейінгі шығармаларға шаблон, дайын үлгі болды. Қожа шынайылығымен баурауы мүмкін, әркім өзін көреді. Сондықтан да ыстық.

Ал қазіргі балалардың Қожасы «Өрмекші адам» секілді. Оның орнын Марвелдің миллионер кейіпкерлері, супермендер басып отыр. Мұны жасырудың керекі жоқ. Керісінше, комикс форматына өтетін уақыт келді. Сол арқылы маркетингті да қолға алуға мүмкіндік бар. Қазіргі кішкентайлардан Қожаны сұрасаң, танымайды. «Менің атым – Қожаның» кейіпкері кішкентай болғанымен, үлкендерге арналған туынды. Алайда оған қайта оралып жатырмыз деп ойламаймын. Жаңа буынның талғамына сай жаңа кейіпкерлер керек сынды, – дейді Талғат Меңдібай.

Иә, суперқаһармандар арқылы Марвелдің миллиардтаған қаржы тауып отырғанын мойындау керек. 60-жылдардың басында әйгілі Ли

Тек кім, нені, неге оқып жүргенін білмейтін. «Жұрттан қалмайық» деп оқытандардың қатары көбейе түскендей. Кім үшін оқымыз? Не үшін? «Өз басым кішкентайымнан кітап оқымын. Кітап оқу сәнде болғанымен, «жұрттан қалмақ» үшін оқымын десем өтірік. Қатардан қалмау үшін емес, өзіндік пікірді айту үшін, өзгелердің қызығушылығын оятып, оқуға шақыру үшін оқытын шығармын.

Кітап оқуда әркімнің өз мотиві бар. Біреуі шынымен сән үшін оқиды, біреуі білім іздейді, біреуі жаңа дүниені білгісі келеді, біреуі әлеуметтік желіге стрим салу үшін қолына кітап ұстауы мүмкін. Әркімнің ұяты білсін дейміз. Сөздің де, кітаптың да иесі бар.

Не үшін оқуымыз керек? Інілеріме үнемі айтып жүремін. Кітап оқыған адам ақылды емес, оқымайтын адам ақымақ емес. Кітап оқу өмірге стимул береді. Өзіндік көзқарасында қалыптасып, көз көлген жағдайда дұрыс анализ жасауға, ішіндегі дұрыс жетісте білуге мүмкіндік сыйлайтын кітап. Үлкендердің жастарды кітап оқымайды деп сынга алуы өздерінің қателігі деп ойлаймын. Егер үлкендер бізге бағыт-бағдар көрсетіп, өзі қолына кітап ұстап автобуста жүрсе немесе кітапты насихаттап жүріп «жастар кітап оқымайды» десе түсінуге болады. Бір жағынан, кітапқа қазір ұялы телефон, әлеуметтік желі сынды бәсекелес көп», – дейді Талғат Меңдібай.

Дина БӨКЕБАЙ



«СПОРТТАН АҚША ІЗДЕМЕУ ҚАЖЕТ»

Әлемдік додаларда көш бастап жүрген Ғани Шиелі ауданына қарасты Алматы ауылының тұрмасы. Бағла кезінен спортқа қызығушылығы оянып, футбол, самбомен айналысуды армандаған. Көп күтпей, елді мекеннен ашылған аралас жекпе-жек залында жүйелі дайындыққа қадам басты. Ауыл балаларының бос уақытын тиімді пайдалану жәрдемдескен спортшының балкери Қайрат Әбжамалов болатын. Нәтижесінде шәкірттер республикалық және облыстық жарыстарға қатысып, жеңіске жете бастады. Алғашқы жеңісті жолға мүмкіндік сыйлаған ұстазға Ғанидің да алғысы өрек – Аралас жекпе-жекке бет бұрғанша самбоға қатыстым.

Екеуінің әдісі, ережесі бөлек. Сондықтан Қайрат Әбжамалов балкерінің көмегімен жаңа бағытқа биімделе түсті. Күрестен келген балаға уру-тебудің әдісі тәсілін меңгерген ол кісінің көмегі көп тиді. 2016 жылы мектеп бітірген соң Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне әскери іс және қауіпсіздік жүйелері деген мамандыққа оқуға түсті. Қалаға келген соң спортпен шұғылданатын зал іздеді. Мәселен, Әбжамалов ағамызбен танысудың сәті түрде. Бірі билесе, бірі билемейді, Қызылордада панкратионды спорт түрін әкелген сол кісі. Нәтижеге жетуге де көмегі зор. Мәселен, «Еуразия» спорт кешенінде осы жаттықтырушының қарамағында дайындалғым. Мұнда 15 күн дайындалған соң, ең бірінші жарысыма жолдама алып, жүлделі орынға ие болдым. Міне, осыдан соң аталған спорт түріне деген құлшынысым арта түсті, – деді Ғани Әділсерік.

иеленсе, Бахрейн корольдігінде ережесіз жекпе-жектен өткен әлем чемпионатында топ жарды. Одан бөлек елде де панкратион бойынша алдыңғы қатарлы спортшы. Жалпы Ғани үш спорт түрін қатар алып жүру арқылы әлемдік аренада қазақ намысын қорғап келеді. Ол алғаш тәжірибелі спортшылармен додаға түскенде қобалжу болғанын жасырмайды. Өйткені небір әлем чемпионы, спорт шебері атағын алған мықтылармен бетпе-бет келу жас талаларға оңайға соқпаған. Алайда жасынан мінезді, рухты болмысы иілмеуге дем беріп, мықтыларды жарыс жолынан ығыстыруға итермелеген. Оған қоса көп дайындық пен аралас жекпе-жекпен айналысатын спортшылардың өнерін тамашалау стилін қалыптастырып, жаңа әдістерді үйренуге сәл болған көрінеді. – Өзімді жолы болған спортшы санаймын. 2015 жылы «Жыл спортшысы» атансам, 2017 және 2018 екі жыл қатарынан «Үздік спортшы» атағын алдым. Сондай-ақ, 2018 жылдың қорытындысы бойынша «Самғау сыйлығының» иегері атандым. Осы жылдар аралығында панкратионнан және аралас жекпе-жекпен Қазақстанның 6 дүркін чемпионы болдым. 2019 жылы қараша айында IMAF тұжырымы бойынша екінші рет Әлем чемпионы атандым. 2020 жылы наурызда Панкратионнан Қазақстан Республикасының күміс жүлдегері атанып, Түркия мемлекетінің Анталия қаласында өтетін әлем чемпионатына жолдама алдым. Кейін көсіпкі жекпе-

Спорттың танымал бағытының бірі – ережесіз жекпе-жек. Бүгінде ауыр да қызықты спорт түрі көптеген жас спортшының мақсат тұтар биігіне айналды. Соңғы бесжылдықта Қазақстаннан, әсіресе, Сыр өңірінен шыққан саңлақтар жеңіс тұғырынан көрініп, көк байрақты биіктетуде. Солардың қатарында жерлесіміз, панкратионнан әлем чемпионы Ғани Әділсерік те бар.

жекке ауысып, 2020-2021 жылдар ішінде 5 жекпе-жек өткізуге мүмкіндік туды. Сонымен қатар 2021 желтоқсан айында грэпплингтен ҚР-нің чемпионы атансам, өткен жылы панкратионнан ҚР қола жүлдегері болдым. Панкратионнан Азия және Әлем чемпионы атанғалы, спорт шебері нормативін сәтті орындадым. Мұның барлығы үздіксіз жаттығу мен балкерінің аға спортшының еңбегі арқасында келген нәтиже, – деді ол. Бір байқағанымыз, Ғани спортқа адал азамат қатарында. Өзгелердей күлденің соңында, қаражаттың тапшылығына қарамастан бар мақсаты шынайы спортты дамыту, өзі секілді жастарды саламатты өмір салтын ұстануға шақыру. Олай дейтініміз, соңғы жылдары Ғани спортшының жарысқа қатысу шынайы мемлекет өтеуде. Оған дейін орай додаға қаржыны қалтасынан шығарып, мақта қағазы мен медаль алудан гана шектелген еді. 2018 жылдан бастап «Мемлекеттік арна» арқылы аймақ бекітілген соң жағдай оңалды. – Менің ұстанымым анық. Ол – спортты дамыту, әлемдік аренада Қазақстан беделін арттыру. Жалпы спортшы спорттан ақша іздемеуі тиіс. Қандай табыс табылса да, жүлде аламын деген алаң жоқ. Оған айтарлықтай алаңдамаймын. Бастысы қазақтың атын шығарып, өзім де соның бір бөлігі болғым келеді. Оның үстінде отандық спортты – панкратионды дамытуға үлес қосуды бағыт санаймын, – деді Ғани Әділсерік.

Берен ШАҒЫРОВ



Қазақстан әйелдер құрамасы Марокко астанасы Рабатта мылтықпен атудан өткен әлем кубогы жеңімпазы атанды. Бұл ұзақ жылғы тәжірибе мен құраманың үздіксіз дайындығының жемісі екені анық. Құрамында Зоя Кравченко (Шымкент), Әсем Орынбай (Алматы облысы) және Аделя Садабаева (Астана) бар Қазақстан құрамасы финалдық буллитте АҚШ құрамасын жеңіп, скит бойынша жеңіске жетті. Мароккодағы әлем чемпионатының кезеңі – рейтингтік турнир. Онда жиналған ұпайлар 2024 жылы Парижде өтетін XXXIII Жағзы Олимпиада ойындарына қатысу мүмкіндігін арттыруға мүмкіндік береді.



Жыл басы Сыр спортшылары үшін жағымды жаңалыққа толы болды. Соның бірі – футболдан 2009-2010 жылы туған жасөспірімдер арасындағы «Juniors Cup» халықаралық турнирі. 10-15 қаңтар күндері аралығында Шымкент қаласында халықаралық турнир қорытындысы бойынша №17 ОРМБЖМ командасы жеңімпаз атанды.

Дүбірлі додаға ер облыстан келген 16 команда өзара бақ сынасты. Нәтижесінде №17 ОРМБЖМ командасы жеңімпаз атанды. Жас спортшылардың жеңісті жолын дөп басқан мамандар алдағы уақытта да жақсы нәтижеге қол жеткізетініне сенімді. Сонымен қатар №17 ОРМБЖМ футбол бөлімшесінің спортшысы Сырлыбай Жарбол халықаралық турнирдің «Үздік қорғаушысы» аталымымен марапатталды.



Қысқы Универсиадада шайбалы хоккейден Қазақстан студенттер құрамасы үшінші ойынның өткізді. Қысқы Универсиададағы үшінші ойында отандық хоккейшілер Ұлыбританиямен ойнап, 15:1 есебімен жеңіске жетті. Матч барысында Қазақстан студенттер құрамасынан Батырлан Мұратов (хет-трик), Максим Мухаметов (дубль), Всеволод Логвин, Иван Гавриленко (дубль), Артем Королев, Данил Бутенко, Әлихан Әмірбеков, Руслан Демин, Әли Қасенов және Кирилл Полохов (дубль) мергендігімен көзге түсті. Еске сала кетейік, бұған дейін отандық спортшылар Оңтүстік Кореяны 5:1, Венгрияны 9:1 есебімен ұтқан болатын.

Бетті дайындаған: Е.ШАМШАДИН

Қазақстандағы футбол тақырыбы күрделі. Көбінің өңірлік командалар мен ұлттық құраманың нәтижелеріне көңілі толмайды. Миллиардтап қаржы құю мен шетелдік спортшыларды алдыру әзірге нәтиже бермейді.

Шатаспау үшін алдыңмен шағын футболдың аражігін анықтап алайық. Түбі үлкен футболмен жуықтас болғанымен бекітілген ереже мен бағыты өзі бөлек. Аты айтып тұрғандай, ойын алаңының көлемі шағын. Сондықтан ширақ қимылды, шапшаң әрекет жасауды талап етеді. Ойын ұзақтығы да мүлде басқа. Бұрыннан бар бөсеке түрі 2000 жылдан кейін қана тынысы ашылып, дами түсті. Бірақ ол кезде қазіргей емес, тәжірибе аз болатын. Сол тұста шетелден легионерлер тартып, ойын жан-жақты дами

де әлемдік додаларда топ жарған жалғыз алматылық «Қайрат». Команда алғаш рет чемпионат лигасында 2004-2005 жылғы маусымда өнер көрсетіп, келесі жылы жартылай финалға өтті. Алайда сол жылы маскеулік «Динамодан» жеңілген болатын. Араға уақыт салып, 2009 жылы байрақты бөсекке тұңғыш рет жеңіс тұғырынан көрініп, қола жүл-

ойын өрнегін көріп, тәжірибе алмасқан қазақ жігіттері бүгінде мықты ойыншыларға айналды. Еуропада танымалдығына ие болды. Қазір біздің құрамамыз әлемнің үздік ұжымдарымен тең дәрежеде ойнап жүр. Оған дәлел жетерлік. Қазіргі таңда Қазақстан құрамасы Еуропаның елу командасының ішінде УЕФА рейтингінінің топ ұштығына кіреді. Өткен жылы ұлттық құрама

Тек футбол жетістік ғана сала салмағын көтеруде. Көңіл толу былай тұрсын, мақтанып айтатын дәреже бар. Осы орайда футболдан Қазақстан құрамасының соңғы жылдағы нәтижесіне назар аударып көрейік.

тутыған жоқ, Финляндиямен болған ойында біздің жігіттері ірі есекке қол жеткізіп, қарсылас команданы 6:2 есебімен ойсырата ұтты. Бұл ойынның нәтижесінде біздің құрамымыз үшін 4 ұпаймен көш бастады. Бірақ негізгі қарсылас алда еді. Ол аузын айға білеген, тәжірибелі ұжымымен, үздік сұрмергендерімен Еуропаны мойындатқан Италия құрамасы болатын. Өйткені бұл елдің командасы әлем чемпионында 5 рет бақ сынап, 2004 жылы күміс жүлдегер атанды. Еуропа чемпионатына 8 рет қатысып,

ФУТЗАДАҒЫ

бастады. Осы кезде барлығы сырттан футболшы тарту үлкен қателік екенін айттып, қаржының шетелге кетіп жатқанын даулаған. Бірақ тың жоба қазақ футболының бүгінгі жетістіктеріге жетуге тікелей ықпал еткенін айта кету қажет. Жасаратыны жоқ қазақстандық футболшылар әлемдік аренада нәтижегі жетістікке жетуде. Еуропа мен Америка құрлығының белді командаларымен бақталасып, ел абыройын асқартатын жұр. Тіпті, осы спорт түрінен ең мықты саналатын еуропалық құрамаларды тізе бүктіріп, жеңіс тұғырынан да көрінген білеміз. Футбол әлеміндегі жоғары бөсеке саналатын Чемпиондар лигасында «Қайрат» командасы екі рет чемпион атанды. Сондай-ақ шағын футболдан құрама үздік дода саналатын Еуропа чемпионатының қола жүлдесін жеңген болатын. Әрине, Қазақстанда футболдан команда көп. Десе



демен елге оралады. Жалпы «Қайрат» УЕФА-ның чемпиондар лигасына 17 мәрте бақ сынапты. Оған қоса 17 мәрте ел чемпионатын, 16 мәрте ел кубогын, 5 мәрте суперкубогын жеңіп алғанын да айта кеткен жөн. Ал чемпиондар лигасының кубогын алғаш рет 2013 жылы жеңіп алдық. Жартылай финалда атынан ат үркіген испаниялық «Барселона» командасын ұтып, финалда Мәскеуден келген «Динамодан» айламызды асырдық. Енді ұлттық тұрамаға көлейік. Көзіңде бразилиялықтардың

БЕЛЕС ҚАНДАЙ?

Еуропа чемпионатына қайта аттанды. Бұл жолғы додалар күтерміз көп. Біздің футболшылардың басқалардан бөзі жоғары екенін топтық кезеңге дейін, іркітеу ойындарында да байқаған едік. Күткендей-ақ болып жатыр, осы додада төккен тер, тұз алғаға құйылған миллиондаған қаржы ақталатындай. Себебі ойын тартысты. Мысалы Қазақстан құрамасы осы Еуропа чемпионатында алғашқы ойынын Словенияға қарсы өткізді. Гронингенде (Нидерланды) өткен ойын 4:4 есебімен аяқталды. Екінші ойын құрамамызға өшеуірдей қиындық

Кемел ТОҚШЫЛЫҚ

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ЭЛЕКТРОНДЫ КОММЕРЦИЯ: «ТАОВАО» - ТАБЫС, «PINDUODUO» - ПАЙДА



Нарықтық бәсеке тұстан қыспаққа алған көзінде қосымша табыс кезі болмаса қиын. Осыны ескергендер шираттық танытып келеді. Өсіресе, замандастарымыз галамтордың галаматын байлап, желіге бөкер байланып отырған жоқ.

миллионнан асқан. Қазір «Айіба» интернет-холдингі әзірлеген қосымша Қытайдағы «онлайн сатып алу» сөзінің синониміне айналып отыр. «Таобао» бизнесті жеке тұлғалар арасында жүргізуге мүмкіндік беретін С2С бизнес үлгісін пайдаланады.

Қытайдағы кез келген адам «Таобао»-да дүкен тіркеп, сатушы бола алады, ал платформаның өзі депдал ретінде әрекет етеді. Мұндай жүйемен «Таобао»-ның өтпүрі саладағы өнімдер мен қызметтердің алуан түрлі болуы таңқаларлық емес.

Ал «Tmall» В2С үлгісінде жұмыс істейді және дүкенді тіркеу процесі әлдеқайда күрделі, ол үшін бизнес лицензиясы қажет екен. «Tmall» брендтерді нарықта сатуды бастамас бұрын мұқият тексереді. Сондықтан мұндағы тауарлар сенімді саналады және оның өкі нұсқасы бар, қытай және халықаралық «Tmall Global». Сондықтан қытайлық және шетелдік бизнес лицензиялары бар компаниялар «Tmall» арқылы дүкен аша алады.

Ендігі кезекте ең жылдам дамып келе жатқан платформа – «Pinduoduo» жайлы айтамыз, 2015 жылы іске қосылғаннан бері мұнда даму тоқтатқан жоқ. 2020 жылы қосымша айына белсенді пайдаланушылар саны бойынша Alibaba қызметтерінен кейін екінші сұранысқа ие болуы – соның дәлелі. «Pinduoduo» қытай тілінен аударғанда бірнеше сатып алуды біріктіру дегенді білдіреді.

Айырмашылығы – электрондық коммерцияда топтық сатып алу пайдалану мүмкіндігіне. Неғұрлым көп адам өнімді сатып алса, соғұрлым оның құны арзырақ шығады. Пайдаланушылар сатып алуларын басқа адамдармен бөліседі, содан кейін өнімді бастапқы құнынан әлдеқайда төмен бағаға сатып алады. Жаңа пайдаланушыларды тарту үшін «Pinduoduo» үнемі жарнамалық акциялар өткізеді. Платформада күн сайын флэш сатылымдар мен шектеулі уақыт ұсыныстары бар, бұл пайдаланушылар қатарын арттырады.

Сондай-ақ пайдаланушылар сатып алулары туралы неғұрлым көбірек білгеніне, соған сәйкес жеңілдік алу ықтималдығы артады. Бұл «Pinduoduo» туралы, өнім туралы ақпаратты We-Chat сияқты әлеуметтік желілер арқылы бөлісетуе әкеледі. «Pinduoduo» қытайлық «Тенсент» баспа интернет холдингімен келісіп, өзінің электрондық коммерция сайттың Қытайдағы ең танымал әлеуметтік желіге енгізе алды. Сонымен қатар Alipay пайдаланатын басқа платформалардан айырмашылығы WeChat Pay қызметін біріктіреді. Ауызша бизнес үлгісін қолдану арқылы компания сатудың үлкен көлеміне қол жеткізіп отыр. Пайдаланушылар өз еркімен жасалған органикалық мазмұн «Pinduoduo»-ны Қытайдағы ең бірінші электрондық коммерция платформаларының біріне айналдырады. Платформа табыс пен тұтыну деңгейінің төмендігімен сипатталатын 2 және 3 деңгейлі қалалардың тұрғындары арасында ең танымал.

Айшылық алыс жерлерден, көзінді ашып-жұмғанда, жылдам тауар алыңыз деген осы шығар. Расында қазір, мұхиттың ар жағындағы арман дүниелерге демде қол жетеді. Тапсырыс беренсіз болды, тауар сіздікі. Ыдыс-аяқ, әшекей бұйым, турмыстық техника, тағысын тағы. Қазір Қазақстан нарығында басқаман салыстырғанда Қытайдың тауары басым болып тұрғаны өкінішті тек. Мысалы, шаш бұйрапайтын құрылғы қытайдық, көкөністі тұрайтын зат та көршінің. Одан қалды Жапонның техникасы, Ресейдің дәрі-дәрмепі, Кореяның косметикасы, АҚШ-тың киім-кешеп толып жүр бізде. Одан қалды отандық интернет-дүкендерге жүгінбейтіміз бар. Оның да себептері көп...

Оны қамысқа, шыбыққа мата орап, сыртынан көйлек тігіп жасаған. Қуыршақ қалыңдықтың мерекелік бас киімі түрлі-түсті әшекеймен, маржанмен, үкі қауырсынымен көмкерілген. Көйлек кестеленген. Бірақ бет-жүзі жоқ. Ол кезде түрін адамға ұқсатып жасауға «жан әлемді аралап жүреді және адамға ұқсас суретке өніп алуы мүмкін» деген түсінік кездері болса керек. Ал, қазір бәрі басқаша. Қуыршақты көз сүйсінетіндей етіп тігетін шеберлер бар. Бұл істі тиімді кәсіп көзіне айналығандар аз емес. Кезекті кейліктеріміз оған дәлел.

Смер Фариза Құндыбаеваның оқыған мамандығы таңдаған кәсібінен мүлде алыс. Бала жанының бағбанына айналған ол жұмыстан кейін сүйікті ісіне көңіл бөледі. Тапсырысқа «Tilda» стиліндегі жұмыс қуыршақ тігеді. Баланың ойнауына, үй интерьерінің сәнін келістіруге де ыңғайлы тұтынушылар көбіне «инстаграм» әлеуметтік желісі арқылы тапсырыс береді. Еңдеше, 1990-шы жылдардың соңында норвегиялық дизайнер Тон Финнангер ойлап тапқан «Tilda» несімен ерекше және Фаризаның таңдауы неге осы стильдегі қуыршақ түсті?

«Tilda»-танымал бренд. Тон Финнангер 25 жасында қолөнер дүкенінде жұмыс істеп жүрген уақытында анимациялық фильмдерге кейіпкер жасауды армандаған. Қуыршақ – соның жемісі. Оның отбасында да барлығының есімі т әрпінен басталғандықтан, қуыршаққа «Tilda» атауын беруді жөн тапқан. Қуыршақтың сүйкімділігі соншалық, әлем қолөнершілері оған қызығушылық таныта бастаған және олардың әрбірі дәл осы стильде ойыншық жасауға кіріскен. Алғашында үй интерьеріне пайдаланылған қуыршақ уақыт өте балалардың сүйікті ойыншығына айналып үлгерді. Түрлі түсінісіз химикат қоспа материалдардан жасалған ойыншыққа қарағанда зияны жоқ. Сонымен де баурап балды. Қолөнерге жаын болғандықтан, дайындауға бел будым. Бастапқыда балаларыма тігетінін, кейін көпшіліктің сұрауы бойынша тапсырыспен жасауға кірістім. Қазір осы іспен шұғылданып жүргеніме бірнеше жыл болды. Ізденіс жетістікке әкелді. Отандық, өзміздің өнімге деген сұраныс қуантады, тапсырыс берушілер көп. Өзге облыстардан да. Тіпті, Ресейге, АҚШ-қа, Түркия мен Америкаға да қуыршақтар жеткізілді, – дейді кейліктеріміз.

Смерлігінен бөлек Фариза – отбасында аяулы жар, асыл ана. Қуыршақ тігу идеясын да осы бала күтімімен демалыста отырған уақытында шыңдаған. Ол үшін әлеуметтік желінің мүмкіндігін пайдаланды. – Түрлі курстарды қарап, бейнероликтерді тамашалап, қолғады үйреттім. Қуыршақтарды дайындауға арнап «Белый ангел» матасын қолданамын. Трикотаж синтетон, халандрибер материалдары да қажет. Киімі бөлек дайындалады. Ал, шашты тапсырыспен сатып аламын. Дайындауына 3 күндей уақыт жұмсалады. Барлығы шабытқа байланысты, кейде күн-түн демей отырып, 8 сағатта жұмысты аяқтаған кезім болды. Бағасы – 15000 теңгеге жуық. Мұнда матаның бағасы, көз майын таусытатын еңбектің нәтижесі бар, – дейді ол.

Көп уақыты, тапқылмай күтетін тағаты, ынты мен зейінді талап ететін жұмыс Фаризаның талантын ұштағаны анық. Ол білгенін бөлісіп, шеберлік сағатын өткізуге де уақыт тауып жүр. Өсіресе, карантин кезінде онлайндық оңтайлылығын пайдалана отырып, көптеген қыз-келіншектер қуыршақ қалыңдығын айтады. Алғаш уақытта сүйікті ісін табысты кәсіпке айналдыру да оның жоспарында. Жаңадан тапсырыспен, сәнді, дизайнды киім тігуді де қолған алған оның еңбегі еш кетпесі анық.



Жүз жыл бұрын қазақ балалары қуыршақпен ойнауға өуес болған. Тарих соллай деді. 1899 жылы Семей облысы, Семейкөл маңында этнографиялық және археологиялық коллекция жинаушы Самуил Дудин түсірген фотодағы қуыршақ XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында өмір сүрген 3-10 жастағы қазақ қыздарының сүйікті өрмегі болыпты.



А.СНАДИН

Зодиак маңындағы мақалалар мен ақпараттар. Төқты Белсенді болыңыз. Бұл аптада алға қойған мақсатқа жетуге жұлдыздар септеседі. Торпақ Сіз үшін ең жайлы апта болғалы тұр. Егіздер Жанын салып, асқан қызығушылықпен жұмыс істеуге әдеттенгендер үшін сәтті апта. Шаян Сәтсәдіктер көзені артта қалды. Қай істі қолға алсаңыз да, сәттілікпен қуантады. Арыстан Айналаңызда тыныштық орнатыңыз. Биікеш Ойға алған шаруалар мен мақсаттарды күзеге асыруға батыл кірісіңіз. Таразы Қызметтегі белсенділік мақтауға тұрарлық.

Жаңа жоспарлар құрамын деп бұрынғы аяқсыз қалғандарын естен шығармаңыз. Сарышаян Бұл аптада табиғат аясында сөйлі құрып, сапарға шықсаңыз, сәттілікке кезігесіз. Мөрген Бұрыннан келе жатқан шиеленіскен мәселені бір ушы қолыңызға ілігеді. Тауешікі Уақытыңызды құр текке өткізе бермеңіз. Сұқұйғыш Ықпалды таныстармен қарым-қатынасыңызды жақсартыңыз. Балықтар Дәл қазір сізге ең көрегі – бойыңызды босансытып, тынығу.

Ақмешіт жастары Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРБАЕВ БАС РЕДАКТОР Мелдір ҚАЛЫМБЕТ ГАЗЕТ ӘР АПТАНЫ БЕЙСЕНБІ КҮНІ ШЫҒАДЫ. ІНДЕКС: 65425. ТАРАУЫМЫ: 6754 ТАПСЫРЫС: 97